

«Әлеуметтік-экономикалық даму және 2022 жылғы қаңтар-наурыздағы республикалық бюджетті орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы ҚРҰБ баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2022 жылғы 12 сәуір, сағ. 09.00.

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Биылғы жылғы наурызда **қаржы** нарықтарында жоғары құбылмалылық сақталды.

2-слайд (ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ)

Геосаяси тәуекелдердің іске асуы және **АҚШ Федералды Резерв Жүйесінің** монетарлық саясатын күшейту әлемдік қор индекстерін түзетуге әкелді. Наурыздың соңына қарай **дамыған елдер акцияларының** индексі (MSCI World) **5,5%-ға** төмендеп, **АҚШ-тың** 10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі **2,34%-ға** дейін **83 базистік тармаққа** өсті.

Инфляциялық қысымның өсуіне байланысты **Федералды Резерв Жүйесі** 2018 жылғы желтоқсаннан бастап алғаш рет негізгі ставканы **25 базистік тармаққа** көтерді. Сонымен қатар осы жылы негізгі ставка **1,9%-ға** дейін **7** рет көтерілуі күтілуде, **келесі** жылы **2,8%-ға** дейін **4** рет көтерілуі мүмкін. Сондай-ақ **Федералды Резерв Жүйесі** жақын арада өз балансын қысқарта бастайды.

Геосаяси жағдайдың нашарлауы және монетарлық саясаттың күшеюі аясында инвесторлардың **қорғаушы активтерге ауысуы** байқалады. АҚШ долларының индексі

дамыған елдердің валюталарына қарсы **2,8%-ға нығайды**.

3-слайд (СЫРТҚЫ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ НАШАРЛАУЫ)

Тауар жеткізілімінің бұзылуы, **инфляцияның** күшеюі мен **геосаяси** шиеленіс себебінен **Global Composite PMI** наурызда **52,7-ге** дейін (ақпанда – 53,5) баяулады.

Қазақстанда іскерлік белсенділік индексі наурызда теріс көрсеткішке ауысып, **48,3** болды (ақпанда – 50,6). Ресей Федерациясына қарсы санкцияларға байланысты логистикалық проблемалар себебінен шикізат пен материалдардың бағасы өсті.

Украина мен Ресей Федерациясының арасындағы қақтығыс аясында экспорт көлемінің қысқаруы әсерінен наурызда **өсімдік майы** (бір айда **23,2%-ға**) және **дәнді дақылдар** (**17,1%**) бағасының рекордтық өсуі **ФАО азық-түлік бағалары индексінің** 1990 жылдан бастап ең жоғары деңгейіне алып келді (*159,3 тармақ, бұл ақпандағы мәннен 17,9 тармаққа (12,6%) жоғары*).

Шикізат, жанар-жағар май, газдың қымбаттауы аясында **Еуроаймақтағы инфляция** наурызда алдын ала деректер бойынша **7,9%-ға** дейін өсті, **АҚШ-та – ақпанда 40 жылдық ең жоғары көрсеткішке** жетіп, **7,9%** болды. **Ресейде** инфляция наурызда **16,7%-ға** дейін жеделдеді.

Қазақстан үшін сыртқы инфляциялық жағдай **тауар жеткізілімі** проблемаларының сақталуына, **азық-түлік пен шикізат** бағасының өсуіне, сондай-ақ теңге **бағамының**

әлсіреуіне және **геосаяси тәуекелдердің** іске асуына байланысты биыл қолайсыз болады.

Проинфляциялық тәуекелдердің күшеюін ескере отырып, дамыған елдер, атап айтқанда АҚШ **ақша-кредит саясатын** жедел **күшейтуге** көшуде.

4-слайд (БИЫЛ НАУРЫЗДА ҚР ИНФЛЯЦИЯ ГЕОСАЯСИ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ІСКЕ АСУ АЯСЫНДА 2016 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП РЕКОРДТЫҚ МӘНГЕ ЖЕТТІ)

Наурызда Қазақстанда инфляция **8,7%-дан 12%-ға** дейін жеделдеп, **2016** жылғы қыркүйектен бері ең жоғары мәнге жетті.

Азық-түлік тауарлары инфляцияға ең көп үлес қосты, олардың өсуі **10,0%-дан 15,4%-ға** дейін жеделдеді (*бір айда инфляция 5,8%-ға өсті*). Орамжапырақ, қант, картоп, қызанақ бағаларының айтарлықтай өсуі байқалды.

Наурыздың **төртінші** аптасының (24 – 29 наурыз) қорытындысы бойынша **әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының** бағасы жылдық көрсетуде **18,6%-ға** дейін өсті. Осы өсуге наурыздың **екінші** аптасында жекелеген азық-түлік тауарларына сұраныстың артуы айтарлықтай үлес қосты (1-9.03 – 0,2%, 9-15.03 – 5,6%, 15-24.03 – 1,7%). Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының апталық өсуі наурыздың соңғы аптасында – **1,3%**, сәуірдің бірінші аптасында – **0,9%** болып, тұрақтануда.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы наурызда **8,6%-дан 10,9%-ға** дейін қымбаттады. Оған **теңге**

бағамының әлсіреуі және азық-түлікке қарағанда төменірек болса да, артық сұраныстың қысымы себеп болды.

Ақылы қызмет көрсету бағасы **7,1%-дан 8,3%-ға** дейін жеделдеді, бұл бірқатар **нарықтық қызметтер бағасының** өсуіне байланысты болды.

Проинфляциялық тәуекелдердің күшеюін ескере отырып, **инфляция** болжамы **өсу** жағына қарай қайта қаралуда.

Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар бағаның **маусымдық** өсуіне жол бермеуі және алдын алу шараларын қабылдауы қажет. **Өңірлердің қажеттіліктерін** ескере отырып, **өңіраралық ағындарды** уақтылы ұйымдастырып, **елді әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету** мәселесін тұрақты бақылау маңызды. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін **баға үстемесіне** тиімді бақылау жүргізу қажет.

5-слайд (ВАЛЮТА НАРЫҒЫН ТҰРПАҚТАНДЫРУ)

Наурызда **геосаяси** тәуекелдердің орын алуы және Ресей **рублінің** жоғары **құбылмалылығы теңге** бағамына қысым жасады. **16 наурызда** теңге бағамы биржада бір доллар үшін **512,17** теңгеге жетті.

Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін шектеу үшін Ұлттық Банк жекелеген күндері **валюталық интервенциялар** жүргізді, олардың көлемі **наурызда 990,5 млн доллар** болды.

Бюджетке берілетін трансферттер үшін **Ұлттық**

қордан 891 млн долларды сату және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **233,4 млн доллар** мөлшерінде **валюталық түсімдерін** сатуы да теңгеге қолдау көрсетті.

Теңге бағамы наурызда төмендеуінің едәуір бөлігін қалпына келтірді және ай қорытындысы бойынша **5,7%-ға** нығайып, бір доллар үшін **467,03** теңге болды. Ұлттық валюта бағамы сәуірдің басында нығаюын жалғастырып, 11 сәуірде **449,63-ті** құрады.

6-слайд (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР НАРЫҚТАРДЫҢ ҚОЛАЙСЫЗ КОНЪЮНКТУРАСЫ МЕН ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН САТУ АЯСЫНДА ТӨМЕНДЕДІ)

Жалпы халықаралық резервтер 31 наурызда **85,9 млрд долларды** құрады.

Ұлттық Банктің **алтынвалюта активтері** жыл басынан бері **валюталық интервенциялар**, **екінші деңгейдегі банк шоттарындағы қалдықтардың** және **сыртқы борыш** бойынша төлемдердің төмендеуі есебінен **1,2 млрд долларға** төмендеп, **33,2 млрд долларды** құрады.

Ұлттық қордың активтері **52,7 млрд доллар** болды. Республикалық бюджетке **1 трлн 36 млрд** теңге сомасында **трансферттер** бөлу үшін биылғы жылғы бірінші тоқсанда **2,1 млрд долларға** валюталық активтер сатылды.

Мұнай бағасының айтарлықтай өсуі аясында Ұлттық қорға **түсімдер** өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **4 есеге** ұлғайып, жыл басынан бері **1 трлн 59 млрд** теңгені құрады, оның ішінде валюталық түсімдер **1,9 млрд долларды**

немесе **845 млрд** теңгені құрады.

Ұлттық қордың кірістілігі құрылғаннан бастап 31 наурызға дейін жылдық көрсеткіште **3,45%** болады. Соңғы **5 және 10** жылдағы кірістілік жылдық көрсеткіште тиісінше **3,41%** және **2,09%** болды.

7-слайд (БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ)

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері наурызда **13 трлн** теңгені құрады. Жыл басынан бері инвестициялық кіріс шамамен **304,9 млрд** теңге, зейнетақы **жарналары – 383,7 млрд** теңге, зейнетақы **төлемдері – 64,5 млрд** теңге болды.

2021 жылғы ақпаннан бастап зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу бойынша **орындалған өтініштер** саны **1,7 млн**, сомасы **3,4 трлн** теңге болды. Оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешуге **3,1 трлн** теңге (**91,2%**) тиесілі.

Зейнетақы активтерінің **кірістілігі 10,4%** болды.

8-слайд (БІРҚАЛЫПТЫ ДОЛЛАРЛАНУ КЕЗІНДЕ БАНК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДЕПОЗИТТЕР ӨСУДЕ)

Банкт жүйесіндегі **депозиттер** жыл басынан бері **27,7 трлн** теңгеге дейін **2,3%-ға** ұлғайды, оның ішінде **заңды тұлғалардың** салымдары – **14,1 трлн** теңгеге дейін **2,1%-ға**, жеке тұлғалардікі – **13,6 трлн** теңгеге дейін **2,5%-ға** артты.

Валюталық салымдар **10,6 трлн** теңгеге дейін **8,9%-ға** (көбінесе жеке тұлғалар есебінен) өсті, ал **ұлттық валютадағы** депозиттер **17,1 трлн** теңгеге дейін **1,5%-ға** (заңды тұлғалар есебінен) төмендеді.

Нәтижесінде, депозиттердің **долларлануы** ақпан айында **38,4%** болды (бағамдық қайта бағалауға байланысты) (2021 жылғы желтоқсанда – **36,0%**, 2022ж. қаңтарда – **35,6%**).

Ресей банктеріне және олардың Қазақстандағы еншілес ұйымдарына қатысты санкциялардың күшеюі аталған банктердің жұмысына, атап айтқанда доллардағы, еуроодағы **аударымдар** мен **карталық операцияларға** әсер етті. **Visa** және **Mastercard** халықаралық төлем жүйелері олардың карталары бойынша операцияларға шектеу қойды.

Ұлттық Банк банктердің **өз клиенттеріне қызмет көрсетуін** қолдау үшін жағдай жасауда. Ресей банктерінің еншілес банктері **шектеусіз түрде** қолма-қол теңгемен қамтамасыз етілуде.

Аталған банктерге қатысты енгізілген санкциялар мен шектеулер **Қазақстандық банктердің** қызметіне **байланысты емес** және оларға **ықпал етпейді**.

Ұлттық Банк жағдайдың **дамуы** мен олардың **нарықтарға** ықпалын **үнемі** қадағалап, санкциялардың Қазақстанның **қаржы жүйесіне** әсер ету дәрежесін бағалап отырады, сондай-ақ **қаржы** және **баға** тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!